



Жаңа форматтағы
жаңа оқулар

2-бет



Илияс Есенберлиннің
туғанына 100 жыл

3-бет



Ер жігіттің
сенімді серігі
құмай тазы мен
төбет ит

4-бет

Аудан Тынысы

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№04 (513) СЕЙСЕНБІ, 13 қаңтар 2015 жыл

ҚҰРМЕТТІ ОТАҢДАСТАР!

Қазақстан халқы Ассамблеясы баршаңызды жаңа 2015 жылмен құттықтайды! Сіздерге бейбітшілік пен береке, болымды істер мен толымды табыстар тілейміз. Әрқашан аспанымыз ашық, елімізде ырыс пен ынтымақ, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» мамыра-жай заман болсын. Жаңа жылда әрбір шаңыраққа бақыт пен молшылық тілейміз!

Жаңа жыл - еліміз үшін шын мәнінде ерекше жыл. Елбасымыздың бастама-сымен алдымыздағы жыл Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланды. Оның мақсаты - отандастарымыздың жарқын келешегінің, балаларымыз бен немерелеріміздің шат күлкісінің кепілі болып отырған еліміздегі толеранттылық пен қоғамдық келісімді жалнақ әлемге паш ету.

2015 жыл біздің Отанымыз үшін тарихи белестерімізді атап өту жылы болмақ. Біздің тарихымыз - бұл бірліктің қайнар көзі! Өткенімізді бағалай отырып қана келешегімізді болжай аламыз.

Біз Қазақстан халқы Ассамблеясы жылын, Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығын, Жеңістің 70 жылдығын, Ш.Уәлихановтың 180 жылдығын, Абай Құнанбаевтың 170 жылдығын атап өткелі отырмыз. Бұл оқиғалар - еліміздің тарихында түбегейлі бетбұрыс жасаған жасампаз кезеңдер. Бұл тек тарихи қазынамыз ғана емес, елдік рухымыздың бастауы, бірлігіміздің негізі, мемлекеттілігіміздің айғағы.

Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы - бұл бірлік жылы, Нұрсұлтан Назарбаевтың барша әлем мойындаған Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделінің жалпыхалықтық салтанат құру жылы.

Жаңа жыл жаңа биіктер мен белестерге жеткізсін! Ортақ құндылықтарымызды бірге іске асыра отырып, біз Отанымыздың Тәуелсіздігі мен тұрақтылығын нығайту жолындағы ұлы істерді жалғастыра аламыз! Жаңа жылда бақыт, табыс тілейміз!

**Ізгі ниетпен,
Қазақстан халқы Ассамблеясы**

ӨНІР БАСШЫСЫ ҚЫСҚЫ САУЫҚ ОРЫҢДАРЫНА ОҢ БАҒАСЫН БЕРДІ

Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов және Өскемен қаласының әкімі Темірбек Қасымжанов Өскемен қаласындағы сауық орындарына арналған орындарды көріп, оң бағасын берді.

Бірінші кезекте Комсомол аралында орналасқан қысқы сауық орнын тамашалаған облыс және қала басшылары бірқатар нысандарды аралады. Соның ішінде демалушы тұрғындарға арналған шаңғы тебу орны, сырғанақпен және жуықта ғана ашылған ұзындығы 1,5 км болатын шаңғы жолын көрді. «Бүгінгі күні шаңғы жолына тегіс әрі сапалы жол салынып, қатырылуда. Кез келген адам осы жолдар арқылы шаңғы тегіп өте алады. Жол сапалы, көктемгі мезгілге дейін шыдайды», - деді Шығыс Қазақстан облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Әбіл Дөңбаев. Өскемен қаласы әкімдігі сауық орнында тұрғындарға арнап толықтай жағдай жасаған. Соның ішінде жеке кәсіпкерлерді жұмылдыру арқылы ас ішу, жылыну орындарын ашып, келушілерді тартқан. Даниал Ахметов Өскемен қаласы әкімдігіне ризашылығын білдірді. - Өскемен қаласының басшылығы осы уақытқа дейін Мәскеуге, Франция елдеріне барып келді. Мұның барлығы қаланың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталып отыр. Олардың атқарар жұмыстары әлі де ауқымды. Алдағы уақытта Австрия елдерімен бірлесе отырып, қаламызға маңызы зор жұмыстар жүргізуді жоспарлаудамыз. Жалпы бүгінгі күні Өскеменнің көркі әлем елдерінің өзге қалаларынан кем түспейді», - деді облыс басшысы.

Облыстық ақпарат қызметі



Өмір - өзен, өз кезегімен жылыстай жылжып, тағы бір жыл артта қалды. Жасампаз Қазақ елінің жарқын жетістіктерін жылнамаға жазу еншісіне тиген келесі жыл, 2015 - қой жылы табалдырықтан аттады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бұл жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жариялағаны белгілі. Айтулы жыл мызғымас бірлігі мен бұлжымас татулығын ту еткен еліміздегі ең белді институттардың бірі - Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толуына тұспа-тұс келіп отыр.

Ассамблея жылы қатардағы көп мерейтойлардың бірі емес. Бұл - Елбасы айтқандай, той тойлайтын емес, ой ойлайтын жыл. Себебі, елдегі бейбітшілік пен келісімді, тұрақтылық пен татулықты сақтап, дамытудың бірегей тетігіне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің өшпес құндылығы - Тәуелсіздікке тірек болған Ел бірлігінің ең басты тұтқасы. Еліміз Қазақстандағы түрлі мәртебесі бар, сан алуан қоғамдық немесе мемлекеттік институттардың мерейтойларын мемлекеттік деңгейде атап өтпейді. Дегенмен, Ассамблеяның орны ерекше. Қоғамды біртұтас ағзаға баласақ, оған қан жүгіртетін алуан түрлі қантамырлар іспетті барлық салаларды біріктіретін, бәрінің жолын бір арнаға тоғыстырып, бір ағысқа бағыттайтын бір жүрек бар. Ол жүректің аты - Ел бірлігі. Бірлік болмаса, бейбітшілік пен келісім болмаса өлшеусіз термен, қыруар қажыр-қайратпен жасалып жатқан елімізді өркендету жолындағы еңбектің бәрі де бекер. Яғни, ресми түрде Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланған 2015 жыл Ассамблея институтының мерейтойы емес, құнды қазынамыз - Ел бірлігі жылы, бейбітшілік пен келісімнің Назарбаев моделінің жылы.

1995 жыл - тәуелсіздігін дүйім дүниеге паш етіп, өзін егемен ел ретінде жариялағанына бірнеше жыл ғана болған Қазақстанның күйреген империядан мұраға қалған құлдыраған экономикасының ауған жүгін түзету жолындағы арпалыспен қатар шекарасын шегендеп, мемлекеттілігін нығайтып, алдағы даму жолын айқындау мақсатында әлемдік үрдістердің беталысын байыптап, барлай отырып, ешкімге ұқсамайтын, ешкімді қайталамайтын бірегей Қазақстан жолын салуға кіріскен кезі болатын. Сол жылы көктемнің алғашқы күнінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлыққа қол қойды. Араға бірнеше апта салып, өзінің тікелей бастамасымен шақырылған Қазақстан халқы Ассамблеясының бірінші сессиясында тарихи баяндамасын жасады. «Мен елімнің Президенті ретінде қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім деп санаймын. Бірлік аспаннан өзі келіп түспейді, тек қарқынды жұмыс арқылы ғана келеді. Мен кең-байтақ жерімізде татулық пен тыныштық болғанын тілеймін. Мұның, ең алдымен, миллиондаған қазақстандық отбасына керек екенін еске аламын. Мен қайғыдан шашы ағарған аналардың балаларын жоқтамағанын, сәбилердің мүгедек болмауын, қарт адамдардың күйреген үйлерінің алдында қасірет шегіп, жыламағанын қалаймын», деген Нұрсұлтан Назарбаевтың сөздері сол кездегі ең өзекті, ең маңызды мәселе ретінде әрбір қазақстандықтың жүрегінің төрінен орын алды.

Арада 20 жыл өтсе де Елбасының бұл сөздерінің өзектілігі артып, күн өткен сайын өміршеңдігі айқындала түсті. Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы құрылтайында Елбасы жана институттың қоғамдағы рөлі мен жұмысының басты контурларын сол кезде-ақ: «Осыдан бастап қоғамдық мәселелердің барлық қырлары бойынша, әсіресе, ұлттық саясатта мемлекеттік

2015 – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Ел бірлігі жылы



актілер Ассамблеяның пікірлерін ескеріп және оның тікелей қатысуымен қабылдануға тиіс. Ол актілердің әрқайсысы еліміздегі барлық этностардың мүдделеріне қайшы келмеуі қадағаланып, сараптан өткізілуі керек», деп қолмен қойғандай нақтылап берді. Бұл кейіннен идеологиялық тренд ретінде орнығып, әлемге «бейбітшілік пен қоғамдық келісімнің Назарбаев моделі» деген атпен белгілі болған Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы қадамы еді.

Содан бері сынаптай сырғып тарихи оқиғаларының маңызы тұрғысынан дәуірлерге татитын 20 жыл өтті. Биылғы мерейлі белес, сөз басында айтқанымыздай, ой ойлайтын жыл. Өткен 20 жылда Ассамблея қандай жолды жүріп өтті? Қандай табыстарға жетті? Қазақстан басшысының «Ел бірлігі» саясаты елімізге не берді? Әлі қандай бағыттар бойынша жұмыстарды ширата түсу керек? 20 жылдық қарқынды жұмыстан кейін, өз дамуының үшінші онжылдығына аяқ басар тұста бұл сауалдарға егжей-тегжейлі жауап берілгені абзал. Сол арқылы халқымыз бейбітшілік пен қоғамдық келісім саласында бағындырған биік, жеткен мақсаттарын нақтылап, алдағы белестерге көз жібере алады.

1995 жылдан бастап Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының әрбір сессиясында сөйлеген сөзі мен көтерген бастамалары сол кездегі ел дамуының ең өзекті мәселелерін қамтып отырды. Сондықтан, Ассамблеяның тарихы - соңғы жиырма жылдағы Қазақстан тарихы.

Тиісінше, дербес институт ретінде Ассамблеяның жүрген жолы, оның жеткен жетістіктері мен шыққан биіктері еліміздің даму даңғылындағы айтулы оқиғалармен тығыз астасып жатыр.

Өткен 20 жылда Қазақстан қоғамының ішкі ықпалдасуының, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайтудың біртұтас мемлекеттік және қоғамдық жүйесі толығымен қалыптасты. Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттің этностық саясатын қоғамдық келісім саясаты деңгейіне көтерген бүкілхалықтық институтқа айналды. Этносаралық қатынастарды реттеудің толық заңнамалық базасы құрылды. Ассамблеяға конституциялық орган мәртебесі беріліп, ол Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне 9 депутат сайлау құқығын иеленді. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданып, Ассамблеяның құрылымы мен қызметінің, еліміздің қоғамдық-саяси жүйесінде алатын орны мен рөлінің нормативтік-құқықтық реттелуі заңнамалық негізде қамтамасыз етілді. Ассамблеяның негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттары өмірге келді.

Ел ішінде мұқият талқыланып, Елбасы мақұлдаған «Ел бірлігі доктринасы» бейбітшілік пен қоғамдық келісімді нығайтудың «бір ел - бір тағдыр», «тегі басқа - теңдігі бір», «ұлт рухының дамуы» сияқты басты қағидаларын айқындап берді.

(жалғасы 2-ші бетте)

Қоғам келбеті

(Басы 1-ші бетте)

Елбасының Өкімімен бекітілген Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ережелер оның мәртебесі мен құзыреттерін, сондай-ақ, Ел бірлігі саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыруға қатысу тәртібін бекітті. «Қазақстан халқы Ассамблеясының 2020 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы» Ел бірлігін нығайту және қоғамдық келісім саласын дамытудың орта мерзімдік стратегиялық бағытын нақтылай түсті. Ассамблеяның жыл сайынғы кезекті сессиясы бұл саланың қысқа мерзімдік мақсат міндеттерін айқындап отыратын бірегей сұхбаттастық алаңына айналған.

Мемлекеттік этностық саясатты жүзеге асырудың жаңа институционалды тетіктері толығымен қалыптасты. Өткен жылы Елбасының Өкімімен Президент жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды. «Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалар мен елордалағы Қазақстан халқы Ассамблеяларының қызметтерін қамтамасыз ету» атты жаңа бюджеттік бағдарлама қабылданды. Аймақтарда 11 мамандандырылған облыстық «Достық үйі» табысты жұмыс істеп тұр. Тағы 4 облыста Ассамблея жылы барысында ашылатын болады. Елбасының тапсырмасы бойынша Достық үйлерін дамыту тұжырымдамасы бекітіліп, Достық үйлері директорларының әдістемелік кеңесі құрылды. Күнделікті өмірден туындайтын нақты мәселелер жергілікті жерлерде пайда болады, тиісінше түйткілдердің түйінін тарқату да сонда жүзеге асырылады. Бұл ретте, Ассамблеяның аймақтық құрылымдарының маңызы ерекше екенін ескеріп, оның жергілікті жерлердегі жұмысын қолдау үшін аймақтық Ассамблея хатшылықтары менгерушілерінің лауазымы көтерілді.

Ассамблея жұмысын ең жоғарғы заң шығарушы орган деңгейінде қамтамасыз ету мақсатында Ассамблеяның парламенттік өкілдігі пайда болды. Қазақстан халқы Ассамблеясының атынан Мәжіліске сайланған 9 халық қалаулысы әрбір ұлыс өкілінің жоғын жоқтаумен бірге барша халқымыздың бірлігі жолында Парламент қабырғасында табысты қызмет етуде. Ассамблеяның Мәжілістегі депутаттық тобына аталған 9 депутатпен бірге төменгі палатаның 7 комитетінде тұрақты қызмет істейтін, парла-менттік партиялардың барлығын қамтитын 12 халық қалаулысы кіруі Ел бірлігі мәселесінің кез келген саяси кеудемсоқтықтан биік тұрғанын көрсетеді. Бұл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында жүктеген «жалпыазаматтық, саясатүстілік және жалпыхалықтық сипатта болу» турасындағы міндеттің парламент қабырғасында табысты орындалып жатқанына айқын дәлел іспетті. Осы депутаттық топтың негізінде Парламентте қоғамдық келісімді нығайту мәселелері жөніндегі партияаралық ынтымақтастық тетігі қалыптасты. Елбасы Ассамблеяның алғашқы сессиясында ең басты міндеттердің бірі ретінде атап өткендей, кез келген заң мемлекеттің Ел бірлігі саясатына сәйкестігі тұрғысынан арнайы сараптамадан өтеді. Дәл осындай депутаттық топтар барлық облыстық мәслихаттарда құрылып, ортақ мүддеге сай жұмыс істеуде. Бұл да Мемлекет басшысының бейбітшілік және қоғамдық келісім саласындағы кез келген бастамасының арада қаншама жыл өтсе де ешқашан мәні мен маңызын жоғалтпайтын өміршеңдігіне кезекті дәлел.

Ассамблея институты азаматтық қоғамның ең дамыған салаларының біріне және қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттің өзара әрекеттестігіне қажетті басты сұхбаттастық алаңына айналды. Қазақстанда 820 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің активі 67 мыңнан астам адамды қамтиды. Елбасының тапсырмасы бойынша аймақтық әкімдіктердің жанынан ақылдастық-кеңес-тік орган ретінде құрылған Қоғамдық келісім кеңестері Ассамблеяның Елбасы айқындап берген жалпыхалықтық институт мәртебесін айшықтай түседі. Себебі, ауыл, аудандардағы әртүрлі ұйымдардың басын бір арнаға тоғыстыратын, қоғамда туындайтын негізгі сауалдардың барлығымен айналысатын осы кеңестер. Бүгінде еліміздің барлық аймақтарында түрлі деңгейдегі 1035 қоғамдық келісім кеңесі табысты жұмыс істеуде. Ассамблеяның жанынан құрылған Отбасында толеранттық тәрбие беру жөніндегі Аналар кеңесі еліміздің ең басты құндылықтары – татулық пен тұрақтылықты ұрпақ жадына сіңірудің тиімді тетігі ретінде өз жұмысын бастады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі мен мемлекеттік Ел бірлігі саясатын насихаттау тұрғысынан жүйелі ақпараттық жұмыс қолға қойылды. Ассамблея қабырғасында еліміздегі маңызды оқиғалар мен іс-шараларға байланысты 40-тан астам медиажоспар жасалып, жүзеге асырылды. Ассамблеяның ақпараттық әлеуеті де өте маңызды. Өлемнің 47 мемлекетіне таралатын «Достық – Дружба» журналы, 4 телеарнада тұрақты түрде шығатын 5 телебағдарлама мен 8 радио бағдарлама, 9 республикалық басылымдағы 22 тұрақты айдар, Қазақстандағы түрлі этностардың тілінде жарық көретін 37 мерзімді баспасөз – осының барлығы қоғамдық келісім мен бейбітшілікті насихаттаудың қуатты құралы. Ассамблея қызметін халыққа таратуға 100-ден астам республикалық басылым мен электронды ақпарат құралы жұмылдырылған. Дизайн-ны жақсартылып, техникалық мүмкіндіктері барынша жаңғыртылған веб-портал да өз жұмысын бастады. Ассамблея жанынан құрылған этносаралық қатынастар мәселелері жөніндегі журналистер мен сарапшылар клубы да ортақ іске өз үлестерін қосуда.

Мемлекеттік Ел бірлігі саясатын ғылыми-сараптамалық қолдау жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Этносаралық қатынастар мәселелері жөніндегі консалтингтік жүйені ұйымдастыру бағытында бірқатар сүбелі жұмыстар қолға алынған. Елбасының тапсырмасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сарапшылық кеңесі этносаралық қатынастарды талқылау және түйткілдердің түйінін тарқату жөніндегі бірегей пікірталас алаңына айналды. 20 ғылым докторы, 9 ғылым кандидаты және басқа да беделді сарапшы мамандардан тұратын кеңес бейбітшілік пен қоғамдық келісімді сақтап, дамыту бағытында көптеген іргелі ғылыми жұмыстарға бастамашы болды. Ассамблеяның Ғылыми-сарапшылық кеңесінің ғылыми әдістемелік базасы – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында құрылған, өз қызметін Ассамблея Хатшылығымен тікелей қатынаста үйлестіріп отыратын Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығы да жемісті жұмыс істеуде.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жақында бірінші бесжылдығының қорытындысы шығарылған Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының табысты жүзеге асуына Ассамблеяның қосар үлесі



2015 – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Ел бірлігі жылы

зор екенін атап өтті. Елбасы «табыстың кілті – бірлік» екенін үнемі айтып келеді. Индустрияландыру күніндегі салтанатты шарада Президент елдегі өндірістік жаңғырудың, ғылым мен білімді дамытудың, инновациялық бастамалардың бәрі «Ел бірлігі» салтанат құрып, бейбітшілік пен қоғамдық келісім орныққан жағдайда ғана мәнді екенін кезекті рет қаперге салды. Яғни, еліміздің өркендеп дамуы жолында жасалып жатқан қыруар еңбек Ел бірлігімен үндескенде ғана баянды болатынын әрбір азамат жадына тоқуы қажет.

Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін шет мемлекеттерге насихаттау жөніндегі жұмыстар халықаралық ынтымақтастық саласында жалғасын табуда. Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымында, Біріккен Ұлттар Ұйымында жасалған бейбітшіліктің Қазақстандық моделінің арнайы беташарлары халықаралық сарапшылар тарапынан жоғары бағаға ие болды. Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше 56 мемлекеттің тіліне аударылып, Қазақстанның барлық елдердегі елшіліктеріне таратылды. Елбасының тапсырмасына сәйкес, Лондон қаласында Бейбітшілік пен келісімнің Қазақстандық орталығы салтанатты түрде ашылды. Орталықтың жұмысын әрі қарай қамтамасыз ету мақсатында Ұлыбританияның белді қоғам қайраткерлерінің қатысуымен Қамқоршылар кеңесі құрылды. Халықаралық ынтымақтастықтың шығыс бағытында Қазақстан халқы Ассамблеясы Азия аумағының 90 пайызын қамтитын 24 мемлекеттің басын қосқан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеспен тығыз ынтымақтастық орнатқан. Айтулы ұйыммен арадағы Өзара түсіністік жөніндегі меморандум ынтымақтастық көкжиегін кеңейте түсті. Қоғамдық келісімнің Қазақ-стандық моделін зерттеу үшін Ассамблеяға әлемнің 15 мемлекетінен, атап айтқанда, Болгария, Ұлыбритания, Германия, Франция, Испания, Италия, Қытай, Малайзия, АҚШ, Ресей, Түркия, Украина және Армения елдерінен шетелдік сарапшылар мен ғалымдар, дипломаттар, журналистер мен үкіметтік емес ұйым өкілдері 60-тан астам рет өтініш білдірді. Бұл шетелдік әріптестеріміздің Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың алысты көздеген салмақты да салиқалы саясатын мойындап қана қоймай, Қазақстан басшысы өз қолымен құрған Бейбітшілік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделін толеранттылықтың ең тандаулы үлгісі ретінде зерттеп, зерделеуге және оны өз елдерінде қолданысқа енгізуге ынталы екендерін көрсетеді. Ассамблея Ел бірлігінің жарқын жетістіктерін әлемге паш етудің тағы бір тамаша алаңы ретінде ЭКСПО-2017 көрмесін пайдалануды көздейді. Ол үшін ЭКСПО көрмесін өткізу шараларының аясында Қазақстандағы этномәдени бірлестіктердің жетістіктерін көрсетудің арнайы тұжырымдамасы дайындалды.

Сонымен, тәуелсіз Қазақ елі тарихи жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясы жылына аяқ басты. Жылнамаға жазылып, тарихқа айналған 2014 жылдың соңғы күндерінде Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықованың төрайымдық етуімен Қазақстан халқы Ассамблеясы жылын ұйымдастыру және өткізу мәселелеріне арналған Мемлекеттік комиссияның алғашқы отырысы өтті. Онда айтулы жылды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі шаралардың Ұлттық жоспарын жүзеге асыру жайы талқыланды. Мемлекеттік комиссия мерейтойлық шараларды өткізудің ұйымдастыру және әдістемелік бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясы жылын өткізу тұжырымдамасын бекітті. Бұл құжаттарда Ассамблея жылында атқарылатын іс-шаралар түгелдей көрініс тапты. Үкімет жанынан Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев төрағалық ететін Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы мен Ата Заңымыздың 20 жылдық мерейтойына дайындық жөніндегі тұрақты жұмыс тобы құрылды. Жергілікті әкімдіктерде Ассамблея жылын өткізудің аймақтық жоспарлары жасалды.

Е. ТОҒЖАНОВ,
Қазақстан халқы Ассамблеясы
төрағасының орынбасары

ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ ЖАҢА ОҚУЛАР

Қаңтар айының бесінші жұлдызында Н.Островский атындағы орта мектебінде өткен Бородулиха аудандық әдістемелік бірлестіктер семинарында аталмыш мектептің деңгейлік бағдарламаның бірінші деңгейі бойынша сертификатталған мұғалімі Е.Б.Нурпейсова мен екінші деңгей бойынша сертификатталған Н.Қ.Қажыбаева ауданның қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері арасында «Топтық жұмыста диалогтік әңгіме түрлерін қолдану» атты коучинг өткізді. Коучингке әр мектептен 40-қа тарта мұғалім қатысты.



Ең алдымен аудиторияға кірер есіктен әр мұғалімнің қолына «Өзгергіңіз келе ме?» деген сұрақ жазылған стикерлер берілді. Мұғалімдердің 93 пайызы «ия» десе, 7 пайызы әлі де өзгеріске дайын еместіктерін көрсетті.

Қима қағаздар арқылы үш топқа бөлінген мұғалімдерге ең алдымен топтық жұмыс берілді. Олар диалогтік түрлеріне арналған болатын. Зор қызығушылықпен құлшына кірскен мұғалімдер өз тапсырмаларын ойдағыдай орындап шықты. Содан соң слайдтар арқылы Мерсер топтаған әңгіменің түріне ғылыми деректер арқылы анықтама беріліп, коучингіміздің тақырыбын анықтадық.

Н.Қ.Қажыбаева диалогта қолданылатын сұрақтың түрлеріне тоқталып, анықтама берді. Осы кезде мұғалімдерге өз тәжірибелерінде сұрақтың түрлерін қалай қолданып жүргендігі, жаңа технологиялардың тиімділігі мен сын тұрғысынан ойлау стратегиясының артықшылықтары туралы ойларын білу мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында көптеген мұғалімдердің әлі күнге дейін кумулятивтік әңгіме



сергітіп алғаннан кейін мұғалімдер постер қорғап, бүгінгі коучингтен алған әсерлерін, диалогтік оқыту туралы өз тұжырымдамаларын кластер түрінде қорғап шықты. Бізге жақсы тілектер мен шығармашылық табыстар тілей отырып, коучингте берілген теориялық білімді практика жүзінде көргілері келетін тілектерін де білдіріпті. Бұл «тілек ағашына» жапсырылған стикерлерде көрініс тапты.

Коучинг соңында аудандық қазақ тілі мен әдебиеті пәндер бірлестігінің жетекшісі Ж.А.Мұратбекова коучинг өткізген ұстаздарға өз алғысын білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

Е.НУРПЕЙСОВА
Н.Островский атындағы
орта мектептің қазақ тілі
мен әдебиеті пәні мұғалімі

Біз және қоғам

Ілияс Есенберлиннің туғанына 100 жыл



Ілияс Есенберлин (1915-1983) Ақмола облысындағы Атбасар қаласында дүниеге келген. Жазушының балалық шағы аштық жалмаған зұлмат заманға тап келіп, 5 жасында тұл жетім қалды. Бала Ілияс балалар үйіне тапсырылды. Шығармашылыққа бір табан жакын өскен ол қабырға газетіне өлең жазып тұрды. Мектепті тәмамдаған соң Қызылорда қаласына барып, интернат мұғалімі болып жұмысқа орналасты. Кейін Қарсақпайдағы аудандық атқару комитетінде жұмыс істеді. Жұмыс істей жүріп, Алматыдағы Қазақ тау-кен институтына түсті. Талантты да талапты бала тез көзге түсіп, 1937 жылы

Қазақстан КСР-інің бірінші Конституциясын қабылдаған Қазақстан Кеңестерінің алғашқы Төтенше съезіне делегат болып сайланды. 1940 жылы институтты аяқтап, Жезказғанға жұмысқа жіберілген. Сол жылы күзде Қызыл әскер қатарына шақырылып, Рига әскери-саяси училищесінде оқып, соғысқа аттанды. 1942 жылы қатты жарақаттанып, госпитальге түсіп, бір жылдан соң мүгедек болып елге оралды. 1947 жылға дейін Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің аппаратында нұсқаушы болып жұмыс істеді. Соғыс аяқталарда, 1937 жылы атылып кеткен әділет халық комиссары Хамза Жүсіпбековтың қызына үйленіп, қайны енесін АЛЖИР-ден алдырғаны үшін НКВД-ның назарына ілігіп, 1949 жылы 10 жылға бас бостандығынан айырылды. Жазасын Қарақұм каналы құрылысында жарылыс жұмыстары жөнінен тау инженері болып бес жыл жұмыс істеп өтеді. Айдаудан келген соң Қазақ КСР-інің Геология министрлігінде, кейін шахтада басқарма басшысы болып қызмет атқарады. Ұсталғанша ол өлең жазса («Айша» (1945 жыл) және «Сұлтан» (1949 жыл) поэмалары, «Алғыс өлеңдер жинағы» (1949 жыл), жазасын өтеп келген соң прозаға көшті («Адам туралы повесть» (1954 жыл), «Өзен жағасында» (1960 жыл). 1958 жылдан «Қазақфильм» киностудиясында редактор, 1962 жылдан «Қазгослитиздат» мекемесінде редактор, 1967 жылдан «Жазушы» баспасында директор, содан Қазақстан жазушылар одағының хатшысы (1971-1975 жылдары) болып қызмет атқарды. 1975 жылдан бастап толық шығармашылық жұмысқа көшіп, 16 жылда 15 роман дүниеге әкеледі. 1962 жылы драматургияда күшін сынап, «Таудағы тартыс» пьесасы Республикалық жас көрермен театрының сахнасында қойылды. Қазақ тіліне Константин Дмитриевич Ушинскийдің шығармаларын аударды. 1969 жылы «Қаһар», 1971 жылы «Алмас қылыш», 1973 жылы «Жанталас» романдарын жазды. Романдар 15-ші ғасырдан 19-шы ғасырдың ортасына дейінгі қазақ тарихы суреттелген «Көшпенділер» трилогиясына біріктірілді. Сөз болатын тақырыптар: қазақ халқының қалыптасуы,

Қазақ хандығының Жоңғар хандығымен арпалысы, Қытай, Хиуа, Бұхара, Ресей империясы секілді көршілерімен аумалы-төкпелі қарым-қатынастары. Қазақ әдебиетінде бұрын-соңды тарихи тақырыпта қалам тартылмаған. Алғаш рет 1976 жылы «Көшпенділер» атымен жарық көрген трилогия орыс тілінің өзінде 12 рет басылып, 1,5 миллион тиражбен тарайды. Жалпы «Көшпенділер» трилогиясы әлемнің 30 тілінде жарық көріп, 50 рет қайта басылды. 2005 жылғы есеп бойынша дүние жүзіне таралған жалпы тиражы 3 миллион дана. Бұл трилогияның негізінде 2005 жылы «Көшпенділер» атты тарихи көркем фильм түсірілді. Қазақстан республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман (17) жазған жазушы Ілияс Есенберлиннің қаламынан туған «Айқас», «Ғашықтар», «Қатерлі өткел», «Алтын құс», «Маңғыстау майданы», «Алтын аттар оянады», «Көлеңкемен қорғай жүр», «Алыстағы арпалыс», «Аққу құстар қуанышы», «Махаббат мейрамы» романдары - тың тақырыпта жазылып, қазақ әдебиетінде оған дейін мүлде көтерілмеген мәселелерді қозғаған, әдебиетке серпін әкелген, оқырман сүйіспеншілігіне бөленген туындылар. Өмірінің соңында жазушы «Алтын Орда» трилогиясын жазды (1982-83 жылдары). Жазушы 1983 жылы Алматыда дүние салды.

БОРОДУЛИХА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Депутаттың аты-жөні, сайлау округінің нөмірі	Қабылдау орны	Қабылдау күні және уақыты	Байланыс телефоны
Быков Сергей Николаевич № 1 Ленин сайлау округінің депутаты	Красный Яр ауылы, «Красный Яр» ш.к. кеңесінде	Әр айдың соңғы бейсенбісі сағ. 14.00-ден 16.00-ге дейін	Жұмыс тел: 4-05-19, сот. тел: 87016620295
	Буркотово ауылы «Таврия ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы бейсенбісі сағ. 10.00-ден 12.00-ге дейін	
	Песчанка ауылы «Ленин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы бейсенбісі сағ. 16.00-ден 18.00-ге дейін	
Майжанов Уәлихан Төкенұлы № 2 Новошұльба сайлау округінің депутаты	Новая Шұльба ауылы «Новошұльба ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы жұмасы сағ. 16.00-ден 18.00-ге дейін	Жұмыс тел: 2-11-38, сот. тел: 87059116568
	Уба-Форпост ауылы «Уба-Форпост орта мектебі» КММ ғимаратында	Әр айдың соңғы жұмасы сағ. 14.00-ден 15.00-ге дейін	
Әубәкіров Азамат Жұмақанұлы № 3 Жерновка сайлау округінің депутаты	Жерновка ауылы «Жерновка ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың алғашқы бейсенбісі сағ. 10.00-ден 11.00-ге дейін	Жұмыс тел: 4-44-69, сот. тел: 87772508102
	Михайличенково ауылы «Андреевка ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың алғашқы бейсенбісі сағ. 14.30-ден 15.30-ге дейін	
Өпенов Кималидин Сағалбайұлы № 4 Жезкент сайлау округінің депутаты	Жезкент кенті «Жезкент кенттік округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы сәрсенбісі сағ. 14.00-ден 17.00-ге дейін	Жұмыс тел: 4-44-69, сот. тел: 87016414654 87052611010
Ежова Валентина Михайловна № 5 Жезкент сайлау округінің депутаты	Жезкент кенті «Жезкент кенттік округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы сәрсенбісі сағ. 15.00-ден 17.00-ге дейін	Жұмыс тел: 2-17-02, сот. тел: 87771523922 87055231596
Мұсабеков Орал Жарысбайұлы № 6 Андроновка сайлау округінің депутаты	Андроновка ауылы «Андроновка бастауыш мектебі» МММ ғимаратында	Әр айдың соңғы бейсенбісі сағ. 10.00-ден 12.00-ге дейін	Жұмыс тел: 2-59-92, 2-57-80, сот. тел: 87026291307
	Орловка ауылы «Орловка бастауыш мектебі» МММ ғимаратында	Әр айдың соңғы бейсенбісі сағ. 15.00-ден 17.00-ге дейін	
	Жезкент кенті «Жезкент кенттік экономикалық мектеп-лицейі» КММ ғимаратында	Әр айдың соңғы жұмасы сағ. 10.00-ден 13.00-ге дейін	
Сәлімова Динара Әжіғұмарқызы № 7 Бақы сайлау округінің депутаты	Ивановка ауылы Сосновка ауылы «Ивановка орта мектебі» МММ ғимаратында	Әр айдың соңғы жұмасы сағ. 14.00-ден 16.00-ге дейін	Жұмыс тел: 3-55-31, сот. тел: 87773475046, 87076552795
	«Березовка» санаториясы, Березовка к/ш «Березовка» санаториясы КМКҚ әкімшілік корпусында	Әр айдың соңғы сәрсенбісі сағ. 14.00-ден 16.00-ге дейін	

	Коростелі ауылы «Коростелі орта мектебі» МММ ғимаратында	Әр айдың соңғы бейсенбісі сағ. 14.00-ден 16.00-ге дейін	
	Ауыл станциясы «Ауыл бастауыш мектебі» МММ ғимаратында	Әр айдың соңғы бейсенбісі сағ. 16.00-ден 18.00-ге дейін	
Оразов Талғат Айтқазыұлы № 8 Переменовка сайлау округінің депутаты	Бородулиха ауылы «Бородулиха ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы бейсенбісі сағ. 10.00-ден 12.00-ге дейін	Жұмыс тел: 2-13-09, Үй тел: 2-40-99, сот. тел: 87757991000, 87772306717
	Переменовка ауылы «Переменовка ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы бейсенбісі сағ. 15.00-ден 17.00-ге дейін	
Ефендиев Уәлді Мұса-оғлы № 9 Бородулиха сайлау округінің депутаты	Шығыс Қазақстан облысы «Бородулиха аудандық орталық ауруханасы» ШЖК КММ бас дәрігерінің кабинетінде	Әр айдың соңғы жұмасы сағ. 15.00-ден 17.00-ге дейін	Жұмыс тел: 2-13-63, Үй тел: 87014438391 87479865710
Бергенов Рахим Садүкасыұлы № 10 Дмитриевка сайлау округінің депутаты	Дмитриевка ауылы «Дмитриевка ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы дүйсенбісі сағ. 10.00-ден 12.00-ге дейін	Үй тел: 3-31-16, сот. тел: 87778558612, 87771315894
	Бородулиха ауылы (орман шаруашылығы) «Семей Орманы» МӨТР РММ контторы	Әр айдың соңғы дүйсенбісі сағ. 14.00-ден 16.00-ге дейін	
Құрамысов Абайхан Нұрмұхамедұлы № 11 Белағаш сайлау округінің депутаты	Белағаш ауылы «Белағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы сәрсенбісі сағ. 10.00-ден 12.00-ге дейін	Үй тел: 4-43-59, сот. тел: 87018998053 87052819699
	Шетелково ауылы «Степной ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы сәрсенбісі сағ. 14.00-ден 15.00-ге дейін	
Бактыбаева Гүлжан Мамашқызы № 12 Подборный сайлау округінің депутаты	Новопокровка ауылы «Новопокровка ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы сәрсенбісі сағ. 14.00-ден 15.00-ге дейін	Жұмыс тел: 2-72-42, Үй тел: 2-15-43, сот. тел: 87758877352, 87773663852
	Камышенка ауылы «Подборный ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы сәрсенбісі сағ. 16.00-ден 18.00-ге дейін	
Ковязин Юрий Геннадьевич № 13 Новопокровка сайлау округінің депутаты	Новопокровка ауылы «Новопокровка ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы сәрсенбісі сағ. 10.00-ден 12.00-ге дейін	Үй тел: 87222579454 сот. тел: 87052637440
	Зубар ауылы «Зубар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы бейсенбісі сағ. 14.00-ден 16.00-ге дейін	
	Петропавловка ауылы «Петропавловка ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында	Әр айдың соңғы бейсенбісі сағ. 16.00-ден 18.00-ге дейін	

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІНІҢ ТУҒАНЫНА 80 ЖЫЛ

драмалық шығармалары да жарық көрді. Тұңғыш жинағы «Көктем» 1959 жылы жарық көрді. Қадыр Мырза Әлінің көркем аударма саласында да жемісті еңбектері көп. Әлемдік әдебиет ғұламаларының талайының шығармаларын ол қазақ тіліне аударады. Ал өзінің біраз топтамалары мен таңдаулы өлеңдері ағылшын, француз, неміс, поляк, болгар, венгер, фин тілдеріне аударылды. Орыс тілінде «Бессонница» (1967), «Белая юрта» (1968), «Соловьиный сад» (1971), «Степные пути» (1975), «Твой дом» (1976), «Верхняя струна домбры» (1976), «Ладони» (1984), «Нижняя струна домбры» (1985) және тағы басқа кітаптары жарық көрсе, өзбек тілінде «Күміс қоңырау» (1975), қырғыз тілінде «Алақан» (1979), әзербайжан тілінде «Бұлбұл бағы» (1980), моңғол тілінде «Шымыр жаңғақ» секілді еңбектері басылды. Сондай-ақ дарынды акынның оннан аса кітабы бұрынғы КСРО халықтарының көптеген тілдеріне аударылып, Ташкент, Баку, Бішкек, Алматы, Мәскеу қалаларында басылып шықты. 1966 жылы «Ой орманы» өлеңдер жинағы үшін Қадыр Мырза Әліге Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін ол Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 2001 жылы «Тәуелсіз тарлан» сыйлығына ие болды. 1993 жылы Қадыр Мырза Әлі әлемдік поэзияға қосқан аса зор еңбегі үшін Моңғолияның халықаралық «АВЪЯС» сыйлығын алды. Қадыр Мырза Әлі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне екі рет депутат болып



сайланды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі болды. Соңғы жылдары акынның он алты томдық таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрді. 2003 жылы Санкт-Петербургтің «Славия» баспасында «Трапаять» атты үлкен бір томдығы орыс тілінде басылып шықты.

Аты алты алашқа мәшһүр акын Қадір Мырзалиев 2001 жылы дүниеден озды.
Дайындаған: А.Т.ЛЕУҒАЗИН

Қадыр Ғинаятұлы Мырзалиев 1935 жылы 5 қаңтарда Орал облысының Жымпиты кентінде туған. Акын, Қазақстанның халық жазушысы (1995), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері. 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған балалар журналы «Балдырғаннан» бастаған. «Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, 1968-1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасының редакторы, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болған.

Оның тұңғыш туындысы 1954 жылы республикалық «Пионер» балалар журналында жарияланды. Содан бергі уақыт ішінде оның жетпістен астам поэзиялық, прозалық, сондай-ақ әдеби-сын кітаптары жарық көрді, өлеңдері мектеп оқулықтарына енді. Ал әнге арнап жазылған өлеңдерінің саны екі жүзден асты. Олардың көбі халыққа кең тарап, «Күндер-ай» атты жеке кітап болып басылып шықты. Талантты акын қаламынан халық фольклорының атақты күлдіргі кейіпкері Алдар көсе жайлы «Сақал саудасы», «Қасқыр қақпан» атты өткір сатиралы комедия мен Махамбеттің ең соңғы азапты күндеріне арналған «Жаралы жолбарыс» атты және «Әмір Темір» кесек

ЕР ЖІГІТТІҢ СЕНІМДІ СЕРІГІ ҚҰМАЙ ТАЗЫ МЕН ТӨБЕТ ИТ

«Жеті сөзімен байланысты көптеген халықтардың тілінде қалыптасқан ұғымның бірі - «Жеті қазына» екенін бәрімізде білеміз. Бұл тіркестің әр елдің тұрмыс-тіршілік салтына, таным-нанымына қарай әртүрлі айтылуы – табиғи нәрсе. Ертедегі грек аңыз-әңгімелерінде жиі кездесетін «жеті қазына» өзге халықтарға, оның ішінде қазаққа да тән деуге болады. Өйткені, мұнда айтылатындардың барлығы адамзатқа ортақ.

Қазақтың «жеті қазына» деген ұғымы барын бәрімізде жетік білеміз. Жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырып, оның ұғымына мыналарды жатқызады: жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қанды ауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездік.

Ер жігіттің жүйрік аты - қанаты. Қыран бүркіт - қуаты. Құмай тазысы - абыройын асырар сенімді серігі. Мылтығы - қаһарлы оты. Қақпаны - серті, ауы - әдіс-айласы, кездігі - сұсы. Халық Жеті қазынаны өмір қажетіне негіз етіп таратқан. Қазақ халқының Жеті қазынаны - жеті ырыс деп атауының да мәні осында екен.

Сол жеті қазынаның бірі – Ит. Ит адамзаттың жер бетіндегі алғашқы серігі, қорғаушысы. «Адам ата мен Хауа ана пейіштен қуылғанда жерге

пәтшағар» дейтін мадақ үзілмейді.

Қазақтың құмай тазылары өте тақыр болғандықтан үйде, төсекте, төрде жата береді. Сыртқа өздігінен шығып, өздігінен қайтып кіруге әбден дағдыланған. Егер оны сыртқа жатқызуға тура келсе, асты-үстіне қабаттап киіз төселіп, жабылады. Қалайда ол жылы жатуға тиісті. Қыстың аязды күндерінде аңға шыққан құмай тазылар ат үстіндегі иесінің алдына секіріп шығып қаптал тонның етегінің астына кіріп алып тұмсығын сыртқа шығарып сығалап жатады. Түлкі, қарсақ, қоян, қоңыр аңдар көрінгенде етектің астынан қарғып шығып қуалай жөнеледі екен.

Ендігі төбет иттердің шығу тегі жайында мәлімет көздері б.з.б. 1121 жылдардан басталады. Қазақы төбеттердің қаңқалары мұздақ дәуірі кезіндегі Шығыс Еуропадан Қиыр Шығысқа дейінгі өлкелерден табылған екен. Көшпенділер өмірі дәстүрлі түрде жылқы малымен тығыз байланысты. Марко Поло XIII ғасырдағы қазақтар туралы жазбаларында ойға сыймайтын алып денелі, ерекше күшті иттер жайында былай деп жазып кеткен: Тайыншадай биік денелі иттер – тағы аңдарды аулауда, күзетте және ауыр жұмыстарда тамаша серік». Саяхатшы қасқыр алатын бұл иттерді Шағатай ұлысының хан сарайынан кезіктірген. Оларды өсірумен ханның екі бауыры айналысқан. Ит саны 10 мыңға жеткен. Қасқыр алар иттердің хан сарайында осынша мән беріліп,



бірге келген» деген аңыз әлем халықтарының барлығында дерлік бар екен. Бұл да қызыл сөз емес. Иттің басынан ұрмайды, аяқпен теппейді, тамақ дәмектен итті «кет» деп қумайды. Әрине, бұл ырымдар қазір қалды ғой. «Жақсы ит өлігін көрсетпейді» дейтін сөз бар қазақта. Шындығында солай, оқыстан бірденеңе ұрынып өлмесе, қартайған иттің қашан есігіннен кетіп қалғанын білмей қаласың. Іздесең де таба алмайсың. Танғаларлық құбылыс. Енді бір аңызда «ит Адам ата мен Хауа анаға ілесіп келгенде ұртғанда бидай болыпты, сол бидайдан өсіп-өніп, көбейіп, дүниежүзіне бидай солай жайылған» делінеді. Біздің жеп жүрген нанмыз - иттің ырыздығы деп көшпенділер итті жақсы асыраған. Енді бір қызық бар. Табиғатта арпа, сұлы, бұршақ, тары, алма, өрік, сол сияқты дақылдар мен жемістердің жабайы түрі бар. Бірақ жабайы бидай жоқ. Болған емес. Адам өзге тамақтан жалықса да, наннан ешқашан жалықпайды. Алдында астың түр-түрі тұрса да, адам нан іздейді. Нан – пейіштен келген дәм дейді. Оны алып келген итті «жеті қазынаға» қосудың қисынды екеніне және иланасын.

Енді ит туралы айтатын болсақ. Қазақтың асыл тұқымды иттері құмай тазысы мен төбет иті. Ал енді құмай тазы туралы мәліметке жүгінсек, «Қыран құмай екі жұмыртқа табады, бірі - құс құмай, екіншісі - құмай тазы» деп жориды бабаларымыз ертедегі аңыздарында. «Құмай тазылар өте жүйрік, аса қыран болады. Өйткені, ол құмай құстың баласы, құмай құстың ұясынан алынған» деп сыр шертеді халықтың әпсана әлемінде.

Ит пен құстың бірінен бірі туар биологиялық мүмкіндігі жоқтығына қарамай, қазақ елінде «құмай тазы» деген ит бар. Тазы иттің түрі, тұқымы көп. Соның ішінде құмай тазы аталатын тек - өте тақыр, жарғақ құлақ, салық төс, тар мықынды, бұлшық санды, шымыр мойын, тік қабақ, ауызды, аузы, сезімтал, көргіш, қағылез, сақ, өте тез, өте жүйрік болып келеді. Одан қашқан түлкі құтылмайды.

Сондықтан «қанатсыз болса да, арғы тегі қыран ғой, тегіне тартқан-ау,



арнайы өсірілуі еріккеннің ермегі емес, жыртқыштармен жағаластырған көшпенді өмір талабы еді. Төбеттердің өзінде Маңтөбет, бәйтөбет, таутөбет атаулары бар оның түп төркіні нені

ТУҒАН КҮНДЕРІҢІЗБЕН!!!

Т. М. Жаймұхамедов - 09. 01. 1972

(Новопокровка ауылдық округінің әкімі)

Б.Қ. Аргумбаев - 11. 01. 1965

(аудан әкімінің орынбасары)

М.Қ. Аргумбаев - 11. 01. 1965

(Экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы)

А. Қ. Нигматзанова - 12. 01. 1977

(Персоналды басқару (кадр қызметі) бөлімінің басшысы)

білдіреді?

Маңтөбет - маңғаз, салмақты, сабырлы, сырбаз ит. «Маң-маң төбет, Маңтөбет» сөзінің түп тамыры да осында жатыр.

Бәйтөбет - сөз төркінін айту оңай емес. Қазақта «бәйбіше» деген сөз бар. «Бай-бише» сөзіне үңіле түссек, «бай» - шанырақ иесі, мал иесі, дәулет иесі, қожайын болып шығады. «Бише» - байдың алғашқы қатыны, орынбасары, екінші бастық екені дау тудырмайды. Сондай-ақ, биік терек, үлкен терек, сымбатты терек секілді қасиеттерді бойына жиған бәйтерек сөзі де сөзімізді түздыктай түсері шүбәсіз. Ендеше, бәйтөбеттегі «бәй» де мал иесі, қорғаушы ұғымдарымен астасып жатқаны анықталады. Бәйтөбет - үлкен төбет.

Таутөбет - тау, таудай, үлкен, ірі, дәу, кесек дегеннен туған сөз. Таутөбет. Таутөбеттер үйшікке жатпайды. Қар немесе мұз үстіне жата салса да, аязға еш тоңбайды. Әлемдегі 116 ит түрі ішінде қазақтың таутөбеті ең ірісі болып табылады. Оның кеудесі, мойны, тұмсығы жуан, басы, ауызы

Құлақтарын да жүн басып алған.

Денесінде де қалың түбіт қаптаған. Маңтөбет. Маңтөбеттер түрінде жүні сәл тықырлау, алайда түбіті қалың шығады түн бойы мал күзетіп, күндіз мал ұйықтайды. Иттің осы түрі ғана қасқырмен жекпе-жекке шығуға батылы барады. Маңтөбеттердің кейбірі, үй иесі қайтыс болғанда, сол адамның моласына барып, жатып алады. Олардың молаға барып қайтып жүретіндері де болады.

Ата-бабаларымыз ит күшіктегенде күшіктердің желке терісінен шымшып ұстап көтергенде дауыс, дыбыс шығармағаны жақсы ит болады деп сын айтады. Иттің қадір қасиетін түсініп, асыл тұқымдыларын асырап баптап, күтіп жүргендер елімізде аз емес екені бәрімізге мәлім. Солардың бірі - Семей қаласында тұрады екен. 20 жылдан бері Бақытжан Жанақасов қазақтың тазақанды төбеттерін асыраумен айналысады. Итқұмар азамат тұқымы тұздай құрып бара жатқан төбеттерді көршілес елдерден жинаған екен.

Қазір, Бақытжан ағаның қолында асыл тұқымды 10 төбеті бар.

Төбеттері азу тісі ақшып, түрі сұсты болып көрінгенімен иесін жерге қаратпаған ит. Бақытжан ағаның айтуынша, төбет иттері түрлі арландар арасындағы арпалыста жеңіп шыққан. Асырап отырған төбеттерінің арасында ит төбелесінен шығыс біріншілігінде топ жарған. Ел біріншілігінде жүлделі орындарды жеңіп алғандары да бар екен. Әрине ит десе жеп отырған асын жерге қоятын азаматтарымыз өте көп. Осындай қазақтың асыл тұқымды иттерін жоғалтпай асырап отырған азаматтарымызға айтатынымыз қазақтың төбеттері мен

құмай тазыларын одан ары қарай көбейте берсе екен деп тілегімізді айтамыз.

Т.ҚАЛИБАЕВ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті, Аргумбаев Болат Құсайынұлы!
Сізді, бүгінгі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өмірдің шаттығы мен қуанышын отбасыңызбен бірге бөлісіп, деніңіз сау, басыңыз аман, еңбегіңіз жемісті, өмір жасыңыз ұзақ болсын!
Құтты болсын туған күн мерекеңіз!
Еңбекпен қол жеткізген берекеңіз,
Тілеріміз: денсаулық, ұзақ ғұмыр,
Сізге қарап жақсымен теңесеміз!
Ізгі ниетпен: Экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті, Аргумбаев Мұрат Құсайынұлы!
Мерейтойыңыз құтты болсын! Деніңіз сау, өмір жасыңыз ұзақ болсын! Еңбегіңіздің жемісін арайлы ақ таңда, бейбіт аспанда қарсы алыңыз. Алар асуларыңыз көп болсын!
Қамал алған құтты болсын жасыңыз
Өрлей берсін, өрге қарай тасыңыз.
Мереке күні, нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Ізгі ниетпен: Экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі

«Аудан тынысы» - «Пұльс района» ЖШС басқарушы органы «ШҚО ішкі саясат басқармасы» ММ болып табылады	Директор-бас редактор Екатерина БОЙЧЕНКО	Газет аптасына 2 рет шығады. Жарияланған материалдардағы деректердің дәлдігі үшін автор жауап береді. Басылған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарнама мен хабарламаның дәлдігі үшін редакция жауап бермейді.	
Газет ҚР мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, аудандық «Аудан тынысы» - «Пұльс района» газеттерінің тіркеу туралы N 12375-Г куәлігі (05.03.2012) берілген	Директор-бас редактордың орынбасары, Мейрамгүл АТАЕВА E-mail: borodulihapuls@mail.ru	Редакцияның мекен-жайы: 070400, ШҚО Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік к. N 69 Тел/факс 8(72351) 2 16 60 ТАП: 5779 Таралымы 4010 оның ішінде «Аудан тынысы»880	Газет “Шығыс-Ақпарат” ЖШС - нің баспаханасында басылады. Өскемен қ., Космическая 6/3 Көлемі 2 баспа табақ